

Тексерілді:

«Нұрби» мектеп-бағалық бағалақша
кешені менгерушісі Мырзаманова М.А.



Ертеңгілік

Тақырыбы: «Құтты болсын, Жаңа жыл!»

Орындаған: Жанысбекова Д.К.

«Қош келдің, жаңа жыл!»

атты ертеңгілігінің сценаріі

Мақсаты:

Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. Ертеңгілік барысында балаларды персонаждарға бөліп, өздері кейіпкерлендіруді ұсыну. Әндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру. Өлеңдерді мәнермен айтып, ертеңгілікте достық сезімдерін ояту, ән, тақпақ арқылы сөздік қорын дамыту.

Ертеңгіліктің барысы:

Жүргізуші: Құрметті балалар, ата-аналар, қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл құт береке әкелсін!

Біздің: «Қош келдің, жаңа жыл» ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

**Қол соғып қарсы алайық,
Шақырайық ортаға.
Ертеңгілік басталсын,
Біздің «Зерек» тобында!**

I. Шыршаның артынан аққала болып киінген балалар қармен ойнап билейді.

«Аққала» биі орындалады

Бидің соңында қолдарын бұлғап басқа балаларды шақырады. Балалар толық залға кіріп ән орындайды.

«Келді міне, Жаңа жыл!» әні орындалады

1-ші бала: (Р.Айару)

Бүгін келді жаңарып,
«Зерек» тобы тағы да.
Би-билейді ән салып,
Жасыл шырша жаныңда!
Сәлем бізден баршаға,
Құттықтаймыз жар сала!

2-ші бала (Әмірхан)

Бүгін бізде Жаңа жыл,
Қош келіпсіз, шыршаға.
Жаңа жылда көңілді,
Шырқалады әніміз.
Ата-аналар сіздерді,
Бірге: Құттықтаймыз бәріміз!

3-ші бала: (С.Арлан)

Жақсы жаңа жыл келді
Асқар таумен тұлғалас
Біз осылай жылды енді,
Қарсы алайық бәріміз
Кел балақай, шырша дайын!
Қол ұстасып ән салайық.
Жаңа жылдың жарқын айын,
Әнмен, бимен қарсы алайық!

4-ші бала: (Әмір)

Қуант бізді таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат.
Енжарықты тастайық,
Шырша тойын бастайық!
Кел, балалар, келіңіздер,
Тамашаны көріңіздер!

5-ші бала: (Айлин)

Көңілде көп қуаныш,
Әр көңілде жақсылық
Кетер жылға – мың алғыс,
Әкелген көп жақсылық

6-бала: (А.Айару)

Көңілде көп қуаныш,
Әр көңілде жақсылық
Кетер жылға – мың алғыс,
Әкелген көп жақсылық
Өткен жылға ризамыз
Өсе түсті бойымыз,
Өсе түсті ойымыз
Жарқырайды жүзіміз

7-шы бала: (Көркем)

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн
Қанаттана кең алқапқа тарайды.
Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағылған
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

8-ші бала: (Әрсен)

Даламызға, қаламызға жаңа жыл кіріп келеді
Қартыңызға, жасыңызға жалынды сәлем береді
Келіңіздер, келіңіздер би де билеп беріңіздер
Қызығы мол жаңа жылдың тамашасын көріңіздер!

9-ші бала: (Дариға)

Жаңа жылға арналады жаңа жыр
Жаңа жылда шақырады бар өмір.
Бақыт болып жаңа жылым келді ғой!
Құтты болсын, құтты болсын Жаңа жыл!

10-бала: (Жәнібек)

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

11-бала: (Әлібек)

Кел, балалар, келіңдер!
Тамашаны көріңдер.
Бірге үрлеп шыршаның
Шамдарын жағып көріңдер!

Жүргізуші: - Балалар, Жаңа жылды қарсы алуға азғана уақыт қалды, біздің шыршамыздың шамдары жағылмаған ғой.

- Қане, бәріміз бірге үрлеп шыршаның шамдарын жағайық!
Бір, екі, үш! (үш шапалақ)
Шырша жарқырай түс! *(қолдарымен фонарик жасайды)*

(Бірнеше рет қайталайды, шыршаның шамдары жанбайды)

Шыршаның дауысы ұнтаспадан:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мені мыстан кемпір балалардың мейрамдары болмасын деп үстіме қалың қар үйіп тастады, моншақтарымды үзіп тастады! Маған сендердің көмектерің керек!

Аққала: - Балалар, шыршаны қардан босатып моншақтарын жинап берейік!

«Шыршаны қар тұтқынынан босатайық» ойыны (ұлдар)
«Моншақ жинау» ойыны (қыздар)

Жүргізуші:

- Жарайсындар балалар! Қане, тағы да бәріміз бірге үрлеп шыршаның шамдарын жағайық!

Бір, екі, үш!(үш шапалақ)

Шырша жарқырай түс! *(қолдарымен фонарик жасайды)*

Шырша шамдары жанады. Шыршының дауысы үнтаспадан:

- Рахмет балалар!

Мен, көрікті шыршамын!

Жеріме нұр шашамын,

Балалардың арманын,

Орындауға дайынмын.

«Шырша жыры» әні орындалады

Шығыс әуені естіледі, шамдар сөнеді.

Құмырасын ұстап, шыршаның жанында Хоттаб ата тұрады. Ол түшкіріп, үстін қағып айналасына қарайды

Жүргізуші: - Сәлеметсіз бе, Сіз кімсіз, о, мәртебелі ақсақал?

Хоттаб ата: - Менің есімім Хоттаб – ата, өзім құмырадан шығып, қайда келгенімді білмедім. Бұл не тал?

Жүргізуші: - Құмырадан шыққаныңыз қандай тамаша, бізге сіздің көмегіңіз қажет болатын сияқты. Бұл шырша, ал біз мұнда Жаңа жылды қарсы алуға келдік. Сіздің сақалыңыздың жұлынған бір талынан ғажайып оқиғаларға тап болуы мүмкін.

Хоттаб ата: - О, сұлулардың сұлуы, мен бүлдіршіндер үшін ештеңе ден аянбаймын. Бірақ сәл демалып алайын, ал сендер менің немерелерімнің өнерлерін тамашалай тұрындар.

(Бір тал сақалын жұлып: «Сим - салявим, ахалай - махалай» дегенде шығыс киім киген 3 қыз шығады)

«Шығыс биі» орындалады

Жүргізуші: - Немерелеріңіз қандай тамаша билейді.

Аққала: - Ата, біздің мерекемізге Аяз атаны тездедіп шақырып беріңізші.

Хоттаб ата: - О, сұлулардың сұлуы, мен бүлдіршіндер үшін ештеңе ден аянбаймын. Мен оны көрген жоқпын ғой, сондықтан танымаймын. Сендер түрін бейнелеп берсеңдер.

12-бала: (М.Арлан)

Аяз ата қандай?
Аппақ жауған қардай.
Сақалы бар жібектей.
Сыйлығы тәтті балдай!
Аппақ бөркі басында,
Ақшақары қасында!

Хоттаб ата: - О, данышпандарым, рахмет. Қазір орындаймын.

(«Сим – салявим, ахалай – махалай» деп,
бір тал сақалын жұлып, дуалайды.)
(Аяз ата мен Ақшақар ұлпақарлармен бірге кіреді)

«Ұлпақарлар» биі орындалады

Аяз Ата:

Ау, бақытты балалар!
Айлы көкке қараңдар,
Келді жылым бақытым,
Кемелденді уақытым.
Сәлем саған Жаңа жыл!
Жаңа бақыт, Жаңа жыр!

Балалар: - Сәлеметсіз бе, Аяз Ата!

Ақшақар: (Дариға)

Жаңа жылды қарсы алуға
Кімдер мені шақырған?
Армысыңдар, достарым,
Сендерге мен қуанам!
Үлкенің де, кішің де
Ерінбей еңбек еттіңдер.
Шыршамызды әсемдеп,
Құлпыртып, көркейттіңдер.
Біз ертегі елінен келдік,
Ән айтайық, би билейік.
Шеңбер құрып тұрайық,
Жаңа жылды қарсы алайық!

Балалар шеңбер құрып «Шырша жыры» әнін орындайды

Жүргізуші:

Құтты болсын жаңа жыл мерекеніз,
Арта берсін жақсылық пен берекеніз
Жаңа жылда жаңа бақыт, жаңа нұрға
Толы болсын әрдайым керегеніз!

Дариға: Жаңа жыл құтты болсын!

Айару: Денсаулығымыз мықты болсын!

Әмір: Келер жылда молшылық болсын!

Арлан М.: Әр үйде қуаныш болсын!

Барлығы: Балалар бақытты болсын!